Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

# МӘДЕНИ МҰРА
## ғылыми журнал

# КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
## научный журнал

# CULTURAL HERITAGE
## science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (114)

Астана
2026

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:


**ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

**ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы** – алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы** – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы** – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

**ОҢҒАРҰЛЫ Ақан** – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

**ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы** – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

**ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна** – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

**ЦЗИ Сяофен** – PhD докторы (Қытай)

**ВОЛЬФРАМ Сабине** – PhD докторы (Германия)

**ШТЕЙН Гил** – PhD докторы (АҚШ)

**ОУТРАМ Алан** – PhD докторы (Ұлыбритания)

**ШОМФАЙ Иштван** – PhD докторы (Венгрия)

**ӘБДУАҚАП Қара** – PhD докторы (Түркия)

**ДАВЫДОВ Владимир Николаевич** – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

**АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы** – PhD докторы (Қазақстан)

**ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы** – PhD докторы (Қазақстан)

**ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы** – PhD докторы (Қазақстан)

## EDITORIAL BOARD:

| | |
|---|---|
| **Berik Abdygaliuly** | – candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan) |
| **Akmaral Ibrayeva** | – deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zhaken Taimagambetov** | – academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zainolla Samashev** | – doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan) |
| **Ayagan Burkitbay** | – Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan) |
| **Ongaruly Akan** | – candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Umitkaliev Ulan** | – candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Ismailova Zhanat** | – doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan) |
| **Ji Xiaofen** | – PhD (China) |
| **Wolfram Sabine** | – PhD (Germany) |
| **Gil Stein** | – PhD (USA) |
| **Alan Outram** | – PhD (UK) |
| **Somfai Istvan** | – PhD (Hungary) |
| **Abdulvahap Kara** | – PhD (Turkey) |
| **Davydov Vladimir** | – candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation) |
| **Agatay Otkirbay** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Duvanbekov Ruslan** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Iskakov Kuanysh** | – PhD (Kazakhstan) |

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:


**ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

**ИБРАЕВА Акмарал Госмановна** – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович** – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**САМАШЕВ Зайнолла Самашевич** – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**АЯГАН Буркитбай Гелманулы** – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

**ОНГАРУЛЫ Акан** – кандидат исторических наук (Казахстан)

**УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич** – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

**ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна** – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

**ЦЗИ Сяофен** – PhD доктор (Китай)

**ВОЛЬФРАМ Сабине** – PhD доктор (Германия)

**ШТЕЙН Гил** – PhD доктор (США)

**ОУТРАМ Алан** – PhD доктор (Великобритания)

**ШОМФАЙ Иштван** – PhD доктор (Венгрия)

**КАРА Абдуакап** – PhD доктор (Турция)

**ДАВЫДОВ Владимир Николаевич** – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

**АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы** – PhD доктор (Казахстан)

**ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы** – PhD доктор (Казахстан)

**ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович** – PhD доктор (Казахстан)

## МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

**Музей ісі / Museology / Музейное дело**


***Yang Hanlin*** Familiar difference: object selection, visual display, and aesthetic translation of Splendid Silk in Kazakhstan
***Янг Ханлин*** Өзгедегі таныс бейне: Қазақстандағы «Керемет жібек» көрмесінің нысандарын іріктеу, визуалдық экспозиция және эстетикалық трансляция
***Янг Ханлин*** Знакомое в ином: отбор объектов, визуальная экспозиция и эстетическая трансляция выставки «Великолепный шёлк» в Казахстане..... 8

***Абильдаева Л.О.*** Музейдегі бейнелеу өнері коллекциясындағы қазақтың тұрмысы мен мәдениеті: Әбілхан Қастеевтің туындылары негізінде
***Абильдаева Л.О.*** Быт и культура казахского народа в коллекции изобразительного искусства музея (на основе произведений Абылхана Кастеева)
***Abildayeva L.O.*** Kazakh everyday life and culture in the museum's fine art collection (based on the works of Abilkhan Kasteev)..... 18

***Мукашева Г.К.*** Сундук, связанный с купеческой династией Кубриных: история происхождения и бытования музейного предмета
***Мукашева Г.К.*** Көпес Кубриндер әулетімен байланысты қаңылтырмен қапталған сандық: музейлік заттың шығу тарихы және тұрмыста қолданылуы
***Mukasheva G.K.*** Forged metal chest associated with the Kubrin merchant dynasty: the history of the museum object and its use in everyday life..... 37


**Археология / Archaeology / Археология**


***Ярыгин С.А., Сакенов С.К., Нускабай А.А.*** Кельтообразный молоток с поселения Атшубар
***Ярыгин С.А., Сакенов С.Қ., Нұсқабай Ә.А.*** Атшұбар қонысынан табылған кельт тәрізді балға
***Yarygin S. A., Sakenov S. K., Nuskabay A.A.*** A celt-shaped hammer from the Atshubar settlement..... 53

***Дүйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мұсырманқұл П.Б., Касымханова Т.Б., Қасенәлі А.Е.*** Жүкей қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелері
***Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е.*** Результаты археологических исследований на могильнике Жукей
***Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E.*** Results of archaeological research at the Zhukey burial ground..... 66

***Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A.*** Egistik mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice
***Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шағырбаев М.С., Аққалиева А.Ш.*** Егістік кесенесі: ғұрыптық жоралғылар мен құрбандық шалу дәстүрі
***Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шагирбаев М.С., Аккалиева А.Ш.*** Мавзолей Егистик: обрядность и практика жертвоприношения..... 82

***Шашенов Д.Т., Есен С.Г. Жанисов А.Т.*** Жиенбай қыстауында жүргізілген зерттеу нәтижелері
***Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т.*** Результаты исследования зимовки Жиенбай
***Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T.*** The results of a study of the Zhienbai wintering site..... 97

***Хасенова Б.М.*** Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата
***Хасенова Б.М.*** Қимақ қағанаты халқының жерлеу ескерткіштерінің сәулеттік ерекшеліктері
***Khassenova B.M.*** Architecture of funerary buildings of the Kimek khaganate people.....110

***Билялова Г.Д.*** Мавзолеи Сарыарки XIII–XV вв.: история изучения и новые археологические данные

***Білəлова Г.Д.*** Сарыарқаның XIII–XV ҒҒ. кесенелері: зерттелу тарихы және жаңа археологиялық деректер
***Bilyalova G.D.*** The mausoleums of Saryarka (13th–15th centuries): history of research and new archaeological evidence..... 122

***Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Құрманиязов Ы.С.*** Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық шыны бұйымдары: құрамы, технологиясы және археологиялық маңызы
***Молдахмет А.А, Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С.*** Средневековые стеклянные изделия нижнего течения реки Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение
***Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S.*** Medieval glass objects from the lower Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance..... 139

***Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ.*** Сүткент қаласын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдар бойынша)
***Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К.*** Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.)
***Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K.*** New results of archaeological research at the Syutkent settlement (based on 2025 data)..... 160

***Сыдығалиев С.М., Кунанбаева Ш.Б.*** Системы жизнеобеспечения населения поздней бронзы Северного Казахстана: палеоэкологическая реконструкция
***Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б.*** Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау
***Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B.*** Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction..... 176

**Этнология / Ethnology / Этнология**

***Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә.*** Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөнінде мәліметтер
***Смагулов Б.К., Ашим Б.А.*** Сведения по этнографии казахского народа в материалах и трудах Г.Е. Катанаева
***Smagulov B.K., Ashim B.A.*** Information on the ethnography of the kazakh people in the materials and works of G.E. Katanaev..... 196

***Кошман Т.В., Ғайса А.М.*** Некрополь Ахметаул в Центральном Казахстане: мемориализация потомков Қоңыр-Құлжа төре в XIX–XXI вв.
***Кошман Т.В., Ғайса А.М.*** Орталық Қазақстандағы Ахметаул қорымы: XIX–XXI ғасырлардағы Қоңыр-Құлжа төре ұрпақтарының мемориалдандыру дәстүрі
***Koshman T.V., Gaisa A.M.*** Ahmetaul Necropolis in Central Kazakhstan: the memorialization of the descendants of Konyr-Kulzha tore in the 19th–21st centuries..... 209

***Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С.*** Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері
***Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С.*** Инвентаризация нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни
***Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S.*** Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine..... 220

***Жалелов Д.С.*** Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары

***Жалелов Д.С.*** Казахская традиция жырау и турецкая традиция ашиков: этнологические аспекты этнокультурной преемственности
***Zhalelov D.S.*** The Kazakh Zhyrau and Turkish Aşik traditions: ethnological dimensions of ethnocultural continuity..... 238

***Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М.*** Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы
***Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М.*** Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии
***Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M.*** Continuity of traditional games and toys of Kazakh children in cultural heritage..... 250

***Жуандыкова А.Д., Искаков К.А.*** Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық
***Жуандыкова А.Д., Искаков К.А.*** Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры
***Zhuandykova A.D., Iskakov K.A.*** Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora..... 264

**Тарих / History / История**

***Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д.*** Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар
***Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д.*** Историко-культурные ценности мавзолея Ясави
***Tastanbekov M., Sandybayeva A.*** Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum..... 274

***Порсин А.А., Ағатай Ө.М.*** Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері
***Порсин А.А., Агатай У.М.*** Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г
***Porsin A.A., Agatay O.M.*** The actions of khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346..... 295

ҒТАМР 03.61.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.18

**Жуандыкова А.Д., *Искаков К.А.**
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: iskakov_ka_2@enu.kz

# ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУГЕ ДЕЙІНГІ РӘСІМДЕРІ: ДИАСПОРА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ

**Аңдатпа.** Мақалада Иранда өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасындағы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, оның ішінде үйленуге қатысты рәсімдердің сақталу деңгейі талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдерінің қазіргі сипатын, олардың сақталу дәрежесін этнографиялық тұрғыдан талдау және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу тәжірибелерін анықтау. Зерттеуде жар таңдау, қыз айттыру, құда түсу, құдаласу, қалыңмал беру және қыз ұзату сияқты дәстүрлі рәсімдердің орны мен мәдени маңызы қарастырылады. Деректерді талдауда сапалық контент-талдау және мультимодальды талдау әдістері қолданылды. Далалық зерттеуде сұхбат әдісі қолданылды. Негізгі дереккөз ретінде Иран қазақтарының тұрмыс-тіршілігіне қатысты бейнематериалдар, жарияланған этнографиялық еңбектер және салыстырмалы ғылыми әдебиеттер пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдерінің қазіргі кезеңде этникалық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жастардың жар таңдауда еркіндігі артқанымен, неке мәселесінде әлі де болса ата-ананың келісімі, құдалық институты мен туыстық байланыстар бұрынғыдай маңызын сақтаған. Сонымен қатар кей рәсімдердің әлеуметтік және символдық қызметтері сақталған.

Зерттеуде Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері материалдық емес мәдени мұра тұрғысынан кешенді түрде қарастырылып, олардың диаспора жағдайындағы сақталу және қолданылу ерекшеліктері айқындалды. Алынған нәтижелер шетелдегі қазақ диаспорасының салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарының мәдени сабақтастығын зерттеуге және материалдық емес мәдени мұраны сақтау мәселелерін түсіндіруге үлес қосады.

**Кілт сөздер:** Иран қазақтары, салт-дәстүр, үйлену рәсімдері, үйлену тойы, құдалық, қалыңмал, қызқашар, қыз ұзату.

*Дәйексөз үшін: Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб. 264-273 (қаз.)*
*DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.18*

## Кіріспе

Жаһандану адам өмірінің барлық салаларын, оның ішінде көші-қон мен мәдени жаһандану үдерістері айқын байқалатын әлеуметтік кеңістіктерді де қамтиды. Мәдениеттер пайда болып, қалыптасады, дамиды және өзара ықпалдасады. Диаспоралық орта мәдениеттердің өзара ықпалдасуы айқын көрінетін әрі мәдени тәжірибелердің сақталуы мен өзгеруіне ықпал ететін әлеуметтік кеңістік ретінде қарастырылады. Диаспора қауымдастығының мәдени дамуы өз құндылықтары мен дәстүрлерін сақтау және қабылдаушы қоғаммен өзара ықпалдасу үдерістері арқылы жүреді.

Мәдениет жаңа ортаға қоныс аударған адамдардың этникалық және мәдени бірегейлігін қалыптастыру мен сақтаудың негізгі тетігіне айналады. Әсіресе көші-қон жағдайында мәдениет ұжымдық бірегейлікті сақтайтын, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ететін және қауымдастықтың ішкі тұтастығын нығайтатын маңызды әлеуметтік тетік ретінде қызмет атқарады. Ал мәдени мұра диаспора қауымдастықтарында этникалық сәйкестікті, тарихи жадты және қауымдық

бірлікті сақтаудың негізгі ресурсы болып табылады. Осыған байланысты салт-дәстүрлер, рәсімдер, тіл, ауызша мұра және тарихи жад мәдени тұрақтылықты қамтамасыз ететін әрі ұрпақаралық сабақтастықты сақтайтын маңызды факторлар ретінде қарастырылады.

Адамзат қоғамының рухани және әлеуметтік өмірінде рәсімдердің маңызы ерекше. Олар белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан мәдени нормалар мен құндылықтарды бейнелейтін, қоғам мүшелерінің мінез-құлқын реттейтін және әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыратын символдық әрекеттер жүйесі болып табылады. Энциклопедиялық еңбектерде рәсім дәстүр немесе қоғамда қалыптасқан ережелерге сәйкес белгілі бір тәртіппен жүретін символдық әрекеттердің жиынтығы ретінде анықталады (Encyclopaedia Britannica, 2024). Осы тұрғыдан үйлену ғұрыптары үйленуші жастардың жаңа әлеуметтік мәртебесін бекітіп қана қоймай, екі отбасы арасындағы туыстық байланысты қалыптастыруға, мәдени құндылықтарды сақтауға және этникалық бірегейлікті нығайтуға қызмет етеді. Әсіресе диаспора жағдайында үйленуге дейінгі рәсімдер тарихи-мәдени сабақтастықты сақтаудың және этникалық қауымдастықтың мәдени ерекшелігін кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Мақалада Ирандағы қазақ диаспорасының үйленуге байланысты салт-дәстүрлерінің сақталу деңгейі талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдерінің қазіргі жүйесін, олардың сақталу ерекшеліктерін этнографиялық тұрғыдан талдау және оларды келешек ұрпаққа жеткізу тәжірибелерін көрсету.

**Материалдар мен зерттеу әдістері**

Мәселенің зерттелу тарихында Х. Арғынбаевтың еңбектері маңызды орын алады. Ғалымның «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» (Арғынбаев, 2005), «Қазақ халқындағы семья мен неке: Тарихи-этнографиялық шолу» (Арғынбаев, 1973) еңбектерінде қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері, неке және отбасы қарым-қатынастары жан-жақты талданған.

Ү.С. Қыдыралиннің «Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы (Төңкеріске дейінгі кезеңіне тарихи-этнографиялық шолу)» атты еңбегінде де мәселе арнайы қарастырылған. Автор өз еңбегінің «Неке және үйлену тойы» атты тарауында Маңғыстау қазақтарының үйленуге қатысты салт-дәстүрлерін талдайды (Қыдыралин, 1995).

Мансур Киайдің (алғаш рет парсы тілінде 2007 жылы жарияланып, 2012 жылы қазақ тіліне аударылған) «Иран қазақтарының салт-дәстүрлері» атты кітабында қазақтардың Иранға қоныс аударуы, олардың материалдық және рухани мәдениеті, салт-дәстүрлері сипатталған (Киай, 2012).

Профессор Ислам Жеменейдің «Иран және Ирандағы қазақтар» атты кітабында Иран қазақтарының тарихы мен тұрмыс-салты талданған (Жеменей, 2012).

Мақаланың эмпирикалық базасын авторлардың далалық зерттеу жұмысы барысында жинаған материалдары мен YouTube платформасындағы Иран қазақтарының үйлену тойына байланысты соңғы үш жылдағы бейнематериалдар құрады. Бейнематериалдарды талдауда сапалық контент-талдау және мультимодальды талдау әдістері қолданылды.

Далалық зерттеу барысында сұхбат алу әдісі қолданылып, авторлар алдын ала дайындалған сұрақтар бойынша Иранан соңғы жылдары елімізге келіп, бүгінгі күні Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дайындық курсын тәмамдаған студенттерден және 1990 жылдары елге көшіп келіп, Маңғыстау өңірінде тұрып жатқан қазақтардан сұхбат алынды (этика талаптарына сәйкес жалпы саны 15 сұхбатқа қатысушының есімдері жарияланбады). Сұхбат нәтижелеріне сапалық талдау жасалды. Жиналған материалдар мәтінде «авторлардың далалық материалдары» (АДМ) қысқартуымен беріледі. Иранда қазақтар Гүлістан облысының Горган, Күмбед-Кавус, Бендер Түркімен деген үш қаласында тұрады. Маңғыстауды мекендеген Адай рулары 1928–1933 жылдар аралығында кеңестік биліктің саяси қысымы мен алым-салықтың көбеюіне байланысты Маңғыстаудан Түркіменстан арқылы Каспий жағалауларынан өтіп, Иран жеріне жеткен (Zhuandykova, Iskakov, 2025).

Мақалада пайдаланылған тағы бір маңызды дерек – авторлар тарапынан аударылып, осы зерттеуде ғылыми дерек ретінде пайдаланылып отырған Парвиз Раджабидің Ирандағы қазақтар жайлы «Тамаша» (تماشا) басылымының 1996 жылғы 10 тамыздағы № 275 санында жарияланған «Қазақтармен танысу» атты мақаласы болып

отыр. Мақала қазақтарды ирандықтарға таныстыру мақсатымен жазылған. Мақаланы парсы тілінен А. Жуандыкова аударған.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, Иран қазақтарының және Маңғыстау қазақтарының үйленуге дейінгі ғұрыптары салыстырмалы түрде талданды. Бұл әдіс үйлену рәсімдері жүйесіндегі ортақ және өзгеше белгілерді, сондай-ақ диаспоралық қауымдастықта қалыптасқан өзгерістер мен сақталған дәстүрлі элементтерді анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуде жар таңдау, қыз айттыру, құда түсу, құдаласу және қалыңмал беру секілді негізгі рәсімдердің орындалу тәртібіне назар аударылды.

**Талдау**

Қазақ халқының үйленуге дейінгі рәсімдері мен салт-жоралғылары этнографиялық еңбектерде егжей-тегжейлі жазылған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеу қағидасы сақталған. Зерттеу материалдарында Иран қазақтарының бұл қағиданы ұрпақтан ұрпаққа жеткізетіні және оны сақтау үшін шежірені білудің маңызды екені айтылады (АДМ). Зерттелген бейнематериалдар мен информанттар мәліметтерінде өзге этнос өкілдерімен некеге тұруға шектеу қойылатыны айтылады (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық | Ирандағы қазақтардың тойы, 2024). Қазақ рулары арасында жеті атаға дейінгі туыстардың некелесуіне тыйым салу экзогамиялық (exogamy) қағидаға жатады, ал өзге этнос өкілдерімен некеге тұрмау ұстанымы эндогамиялық (endogamy) бағдармен байланысты (Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі, 2019: 424; Киай, 2012).

Көшпелілерде қалыптасқан дала заңына сәйкес қазақтар балаларын ерте отау құруға, үйлендіруге ұмтылған. Қыздарды 13–14 жасында ұзатып тұрмысқа берсе, ер балаларды балиғатқа толды деп 15–16 жасында үйлендірген. Халық түсінігі бойынша жастарды ерте үйлендірсе, олар теріс әрекеттерден, жағымсыз қылықтардан аулақ болып, ұрпақтары сау, мықты болады деген сенімде болған (Қыдыралин, 1995). Иран қазақтарында бұл үрдіс 1980 жылдарға дейін сақталған. П. Раджаби өзінің «Қазақтармен танысу» атты мақаласында қазақтардың, әдетте, өте ерте үйленіп, 10–11 сыныпта оқитын ұл баланың әйелі мен баласы болатынын жазады (Раджаби, 1996). Информанттардың айтуынша, жастар жоғары оқу орнын бітірген соң 22–25 жасында отау құрады (АДМ). Зерттеу барысында заман талабына сай жастардың отау құру жасы ұлғайғаны байқалады. Бұл өзгерістерге білім алу мерзімінің ұзаруы, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер және Иран қоғамының мәдени ортасы ықпал етуі мүмкін.

Бұрынғы кезеңге қатысты деректерде Иран қазақ жастарының жар таңдау еркіндігі шектеулі болғаны сипатталады. Ата-ана баласына лайықты деген қызды таңдап, әулетімен, ағайындарымен ақылдасып, құда түсіп, қызды айттыруға шешім қабылдаған (Жеменей, 2012; Киай, 2012; АДМ). Далалық зерттеу барысында жиналған материалдардың негізінде қазіргі уақытта жастар некеге өз таңдауы бойынша тұратыны белгілі болды (АДМ). Бұл үрдіс YouTube платформасындағы бейнематериалда да көрініс тапқан (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық. Ирандағы қазақтардың тойы, 2024). Жігіттер мен қыздар тойларда, басқа да мерекелік іс-шараларда немесе қоғамдық орындарда еркін кездесіп, араласа алады. Мұндай орта олардың бір-бірін жақын тани білуіне, өмірге көзқарастары мен ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу материалдарында отбасы мүшелерінің жастарды арнайы таныстырып, отбасын құруға бағыттауы сирек кездесетіні байқалады (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық | Ирандағы қазақтардың тойы, 2024; АДМ). Ата-ананың рөлі мен жастардың жеке таңдауын диаспора жағдайында салыстыру үшін Финляндиядағы сомали диаспорасын зерттеген А. Исмаил (A. Ismail) еңбегіндегі ұқсас үрдіс назарға алынды. Автордың көрсетуінше, отбасы неке үдерісіне белсенді қатысқанымен, жар таңдаудағы негізгі шешімді жастардың өзі қабылдайды, ал ата-ананың рөлі кеңес беру мен қолдау көрсетуге негізделеді (Ismail, 2018).

Үйленуге дейінгі рәсімдердің негізгісі – құдаласу. Дәстүрлі қазақ қоғамында құдаласудың бірнеше түрі қалыптасқан. Бірінші – бел құда, яғни әйелдері жүкті кезінде, балалар құрсақта жатқанда құдаласады (Ибраев, 2005). «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Сарыбай мен Қарабайдың балаларын атастыру желісі көрініс табады (Қозы Көрпеш – Баян сұлу, 2002). Келесі түрі – бесік құда, бесікте жатқан екі нәрестені атастыру (Ибраев, 2005). Ү. Қыдыралин Р. Карутцқа сілтеме жасап, Маңғыстау қазақтарында 3–8 жас арасындағы

балаларға құда түсу жиірек кездескенін айтқан (Қыдыралин, 1995).

Құдалықтың бастауы – айттыру. Отбасы үлкендері жігіт пен қыздың үйленуіне келісім бергеннен кейін, жігіт жақтан өкілдер қыздың туыстарына хабарласып, ниеттерін білдіреді. П. Раджаби ер бала балиғат жасына жеткенде оның әкесі өзінің отбасының мүшелерімен ақылдаса отырып, тез арада өзі таңдаған қызды айттыратынын жазады (Раджаби, 1996). Қыздың ата-анасы ақылдасып, өз жауаптарын береді. Осыдан кейін қыздарын беруге келіскен жағдайда жігіт жақтың жасы үлкен ағайындарынан бірнеше адам қыздың үйіне барады. Сөйтіп екі жақ өз ризашылықтарын білдіріп, сөз байласып, құда болу рәсімін жасайтын күнді белгілейді (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық..., 2024).

*Құда болу* рәсімі өтетін күні екі жақ кездесіп, салт-дәстүргесайқалыңмалмөлшерінанықтайды. Зерттеу материалдары қалыңмал мөлшерінің уақыт өте өзгеріп отыратынын көрсетеді. 2024 жылғы бейнематериалда қалыңмал мөлшері 5 млн түмен ретінде көрсетілген (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық. Ирандағы қазақтардың тойы, 2024). Аталған бейнематериалда бұл төлем дәстүрдің жалғасуын білдіретін символдық сипатта түсіндіріледі. Бұл рәсім екі жақ туыстарының бас қосып, өзара байланысын нығайтатын құдалық жиыны ретінде сипатталады. Бүгінгі күні бір қойдың құны 40 млн түмен. Осыған байланысты символикалық түрде берілетін қалыңмал сомасы да өзгеріп отырады. Материалдық мүмкіндігі жоғары отбасылар бұдан да жоғары сома әкеледі. Дерек берушілердің мәліметіне сәйкес соңғы екі жылда материалдық жағдайы жақсы отбасылар қалыңмалға 50 млн түмен әкелген. Қалыңмал бір немесе екі кезеңге бөлініп беріледі. Иран қазақтары арасында қалыңмалдың оннан бірі «Ағалық хақы» деп беріледі. П. Раджаби мақаласында қыздың әкесі осы берілген қалыңмалдың бір бөлігін өзінің бауырлары мен ұлдарына беретіндігін, бұл «ағалық» деп аталатындығын жазады (Раджаби, 1996). Қалыңмал төленген соң екі жақ құдалық той жасау күнін белгілейді.

*Құдалық* әуелі қыз жақта өтеді. Құдалыққа алдымен таңертең ер адамдар барады. Түстен кейін әйелдер барады. Құдалар келгенде оларға шашу ретінде ақша шашылады. Құдалықта қой сойылады, бас тартылады. Ет асылып, қамыр жайылады. Ер адамдардың отырысы қысқа, 2 сағат шамасында ғана болса, әйелдер жағы сый-сияпаттарын, киіттерін ала барып, жөн-жоралғыларын жасайды, бұл 5 сағатқа жуық жалғасады. Құдалар үйден шығарда ақ ниетпен иығына ұн себеді (Иран қазақтары: Өзге ұлтқа қыз бермейміз! Ас татып көру, 2025). Киай қазақтарда қалжыңдауға ыңғайы келген құданы ұнға әбден малындырып, тұла бойын аппақ қардай қылып тастайтын болған. Кейін оның тек ырымы ғана жасалғанын жазады (Киай, 2012). Алайда бейнематериалда жасы үлкен құдаларға ырым ретінде аздап ұн себілсе, құрдастарын әлі күнге дейін аппақ қардай етіп ұнға малу көрінісі байқалады. Яғни, бұл салт әлі күнге дейін сақталған (Иран қазақтары: Өзге ұлтқа қыз бермейміз! Ас татып көру, 2025).

*Қыз ұзату тойы.* Құдалық пен қыз ұзату рәсімдері үйлерде өткізіледі. Зерттеу материалдарында бұл рәсімдердің мейрамханаларда немесе дәмханаларда өткізілмейтіні айтылады. Қызды түске дейін ұзатады. Жоғарыда айтылғандай қыз ұзату тойында да ер адамдар бөлек, әйелдер бөлек отырып тойлайды. Дастарқан жерге жайылып, қонақтарға «ғейме» деп аталатын, ет, сары асбұршақ және күріштен дайындалатын иран тағамы беріледі (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық..., 2024). Жоғарыда айтылғандай, құдалық тойда қазақтың ұлттық тағамы ет берілсе, қыз ұзату тойында қонақтардың көп болуына байланысты, көп жағдайда ет қымбат болғандықтан иран тағамы беріледі (АДМ). Қыз ұзатуға күйеу жігіт үстіне плащ, басына шляпа киіп келеді (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық..., 2024). И. Жеменей бұл рәсімнің ертеден сақталғанын атап өтеді, алайда оның шығу тегін нақтыламайды (Жеменей, 2012). Информанттардың айтуынша, бұрын қазақы шапан мен тымақ табылмаған кезеңде жігіттер плащ пен шляпа киген, кейін бұл киім үлгісі рәсімдік сипат алған (АДМ). Күйеу жігіт дастарқан басында отырған үлкендермен қос қолдап сәлемдеседі, оған үлкендер ақша ұстатады (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық..., 2024).

Тойбастар айтылып болғаннан кейін жігіттің жеңгелері қалыңдықты алып кету рәсімін жасауға кіріседі. Бірақ қыздың жеңгелері қыздың айналасын арқанмен қоршап, қимастық танытып, бермеуге тырысады. Сөйтіп, екі жақтың қызға таласуы басталады. Бұл рәсім



**Сур. 1.** Плащ пен шляпа киген күйеу жігіт[1]
**Fig. 1.** A groom wearing an overcoat and a hat

«Тартыс» деп аталады. Жеменей бұл рәсімнің қазіргі кезде сирек орындалатынын атап өтеді (Жеменей, 2012). Қазақ дәстүрінде ертеде тартыс ойынын өткізу үшін қыздың ата-анасының үйінің жанынан жеке отау тігілетін болған (Қақабаев, Қатран, 2017: 316).

Иран қазақтарында сақталған тағы бір ерекше салт – «Қызқашар». Тартыс ойынынан кейін қызды әдемі алашаға орап, «Қызқашар» ойын кеші өтетін үйге алып барады. Қызқашар кеші қыздың әке жағынан туыстарының бірінің үйінде өткізіледі (Киай, 2012). Жоғарыда айтылғандай қазақта тартыс ойыны бөлек отауда өтетін. Иран қазақтарында тартыс пен қызқашар рәсімдерін ата-анасының үйінен бөлек үйде өткізу дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Бұл кеште жастар ойын-сауық құрады. Ойын кеші аяқталғаннан кейін қонақасы беріліп, одан соң көпшілік қонақтар тарасады. Келесі кезекте молда шақырылып, неке қию рәсімі басталады. Молда неке қиғаннан кейін қыз бен жігіт діни рәсім тұрғысынан ерлі-зайыпты деп танылады. Бұдан кейін жеңгелері қалыңдық пен күйеудің қол ұстату рәсімін қыздың әкесінің үйінде өткізеді. Жеңгесі қалыңдық пен күйеудің оң қолдарын жібек матамен орайды. Қалыңдық пен күйеу жігіт бір-бірінің беттерін сипайды. Екі жасты біраз оңашада қалдырып, бір-бірімен әңгімелесіп, сырласуға мүмкіндік береді, содан соң жеңгелер ішке кіріп күйеу баланы бөлмеден шығарып салады. Киай сипаттамасында бұл түнде олардың арасында жақындасу болмайтыны көрсетіледі (Киай, 2012).

Келесі күні қызды күйеу жігіттің үйіне шығарып салатын болғандықтан, қыздың әкесі құдаларға қонақасы береді. Қыз үйден шығар кезде, «сыңсу» жырын айтып, елімен қоштасады. Ұзатылып бара жатқанда абысындары оны кілемге отырғызып, көтеріп көлікке мінгізеді. Бұл ғұрып барған жерінде қиындық көріп, ренжіп қайтып келмесін деген ниетпен жасалады.

Зерттеу материалдарымен салыстырғанда, Иран қазақтарында жастардың некесін қыздың әкесінің үйінде қию, қызқашар және қол ұстату сияқты бірқатар рәсімдер сақталған.

Қызды ұзатқанда жасауы бірге беріледі. Қыздың жасауына төсек-орын, көрпе-жастық, жатын бөлменің жиһазы, тұрмысқа қажет жабдықтар, тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ, киім-кешек кіреді (Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық..., 2024).

Иран қазақтарында үйлену тойына дейінгі барлық дерлік рәсімдерде шашу орнына ақша беру тәжірибесі кездеседі. Күйеу жігіт үлкендермен сәлемдескенде, құдаларды күтіп, қарсы алғанда, шығарып салғанда, бата бергенде,

[1]Фотоматериалдар информанттардан алынды



**Сур. 2.** Ұзатылуға дайындалып отырған қыз
**Fig. 2.** A bride preparing for her farewell ceremony

табақ тарту кезінде де ақша береді. Шашу орнына ақша ұстату тәжірибесінің қалыптасқаны байқалады.

Сұхбат берушілер бұрынырақта шашуда тәттілермен қатар тиындар да шашқандығын айтады. Қазіргі кезде ақша ұстатуды бұрынғы тиын шашу дәстүрінің трансформацияланған түрі ретінде қарастыруға болады деген болжам жасалады. Бұл тәжірибенің парсы немесе түрікмен мәдени ортасымен байланысы және оның ішкі трансформация сипаты қосымша зерттеуді қажет етеді.

Иран қазақтары күнделікті өмірде ұстанатын салт-дәстүрлер мен үйленуге қатысты рәсімдерді келешек ұрпаққа өзгеріссіз жеткізу мақсатын көздейді. Олар жастарға атадан балаға жалғасып келе жатқан салттар мен әдет-ғұрыптардың мәнін түсіндіріп, оларды ұстанудың ата-баба жолы екенін жүйелі түрде айтып отырады. Информанттар дәстүр сабақтастығының әлсіреуі этникалық бірегейлікке әсер етуі мүмкін екенін атап өтеді.

**Алынған нәтижелер**

Зерттеу нәтижесі Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдерінің негізгі элементтері қазіргі кезеңге дейін сақталғанын көрсетті. Жар таңдау, қыз айттыру, құда түсу, құдаласу, қалыңмал беру, қыз ұзату сияқты дәстүрлердің мазмұны мен символдық мәні жалғасып отыр.

Сонымен бірге дәстүрлердің орындалу формасында өзгерістер байқалады. Қазіргі кезде жастардың жар таңдаудағы еркіндігі артып, неке жасы ұлғайған. Ата-ананың келісімі, туыстық байланыстар, құдалық, жеті ата қағидасы өз маңызын сақтаған. Ал қалыңмал мөлшері мен кейбір рәсімдердің орындалу тәртібі қазіргі әлеуметтік жағдайға бейімделген.

Құдалық пен қыз ұзату кезінде шашу, қой сою, бас тарту сияқты дәстүрлі жоралғылардың сақталуы мәдени сабақтастықтың маңызды көрсеткіші болып табылады. Ал шашудың орнына ақша беру, ірандық тағамдардың ұсынылуы және киім үлгілерінің (плащ, шляпа) өзгеруі дәстүрдің жергілікті ортаға бейімделгенін көрсетеді.

Үлкендердің мұндай дәстүрлерді жастарға түсіндіріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге ұмтылуы туыстық байланыстарды сақтай отырып, қауымдастықтың мәдени тұтастығын нығайтары анық.

Дәстүрлердің негізгі мазмұны сақталғанымен, олардың кейбір формалары қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайға бейімделген. Бұл Иран қазақтарының мәдени мұрасы дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, жаңа ортада жаңғырып отырғанын көрсетеді.

**Қорытынды**

Зерттеу Иран қазақтарында Маңғыстау қазақтарына тән үйленуге дейінгі бірқатар рәсімдердің сақталғанын көрсетті. Соның ішінде үйлену тойына дейінгі рәсімдердің көпшілігі әлі күнге дейін сақталған. Бұл сабақтастықтың қалыптасуына қауымның ішкі туыстық байланыстары мен дәстүрді ұрпаққа жеткізу тәжірибесі ықпал етуі мүмкін; алайда оның себеп-салдарлық тетіктерін нақтылау қосымша зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері өзге мәдени ортада этникалық бірегейлікті сақтаудың тетігі ретінде қызмет атқарады. Информанттар бұл рәсімдердің жастарға дәстүр мәнін түсіндіруде тәрбиелік қызмет атқаратынын атап өтеді. Бұл рәсімдер тарихи жадты қолдауға және ұрпақаралық сабақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Үйленуге қатысты жиындар тек бас қосу, ас ішу және уақыт өткізу формасы емес, салт-дәстүрді ұрпаққа жеткізетін әлеуметтік-мәдени кеңістік ретінде көрінеді.

**Әдебиеттер**

1. Encyclopaedia Britannica. 2024. Ritual. URL: https://www.britannica.com/topic/ritual (қаралған күні: 25.06.2026).
2. Ismail A.A., 2018. "They All Encouraged Me To Do It, But After All, The Decision Is Mine": Marriage Practices among Diaspora Somalis in Finland // Nordic Journal of Migration Research. Vol. 8. No. 2. P. 124–131. DOI: https://doi.org/10.1515/njmr-2018-0012.
3. Zhuandykova A.D., Iskakov K.A., 2025. The history of Kazakh migration to Iran: causes, stages and consequences // Otan tarihy. Vol. 28. No. 3. P. 553–562. DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_553-562.
4. АДМ – Авторлардың далалық материалдары. Маңғыстау облысы, 2025; Алматы қаласы, 2026.
5. Арғынбаев Х., 2005. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы: Қайнар. 215 б.
6. Арғынбаев Х.А., 1973. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым. 328 б.
7. Бір жапырақ нанға қызымызды айырбастадық | Ирандағы қазақтардың тойы. 2024. [Бейне]. YouTube. URL: https://youtu.be/-gHhq139BTU?si=_vf34DJ4mTWq3Y74 (қаралған күні: 25.06.2026).
8. Жеменей И., 2012. Иран және Ирандағы қазақтар: деректі зерттеу. Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. 264 б.
9. Ибраев М., 2005. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т. 1. Алматы: «Арыс» баспасы. 328 б.
10. Иран қазақтары: Өзге ұлтқа қыз бермейміз! Ас татып көру. 2025. [Бейне]. YouTube. URL: https://youtu.be/owhqS4H9r7k?si=xvKUHPzYUoSggfys (қаралған күні: 25.06.2026).
11. Киай М., 2012. Иран қазақтарының салт-дәстүрлері. Парсы тілінен аударған Нияз Тобыш. Алматы: «Орхон» баспа үйі. 200 б.
12. Қақабаев Б., Қатран Д., 2017. Тартыс // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. Т. 5. Алматы: ТОО «АлемДаму Интеграция». Б. 316.
13. Қозы Көрпеш – Баян сұлу. 2002. Астана: Фолиант. 692 б.
14. Қыдыралин Ү., 1995. Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен тұрмысы (төңкеріске дейінгі кезеңіне тарихи-этнографиялық шолу). Ақтау. 239 б.
15. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі. 2019 / К. Калхунның редакциясымен. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. 480 б.
16. Раджаби П., 1996. Қазақтармен танысу // Тамаша. № 275. 10 тамыз. Б. 22–23. Парсы тілінен аударған А.Д. Жуандыкова.

**References**

1. Encyclopaedia Britannica. 2024. Ritual. URL: https://www.britannica.com/topic/ritual (accessed: 25.06.2026). [in English].
2. Ismail A.A., 2018. "They All Encouraged Me To Do It, But After All, The Decision Is Mine": Marriage Practices among Diaspora Somalis in Finland // Nordic Journal of Migration Research. Vol. 8. No. 2. P. 124–131. DOI: https://doi.org/10.1515/njmr-2018-0012. [in English].
3. Zhuandykova A.D., Iskakov K.A., 2025. The history of Kazakh migration to Iran: causes, stages and consequences // Otan tarihy. Vol. 28. No. 3. P. 553–562. DOI: https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_3_553-562. [in English].
4. ADM – Avtorlardyn dalalyq materialdary [Authors' fieldwork data]. Mangystau region, 2025; Almaty, 2026. [in Kazakh].
5. Argynbaev H., 2005. Qazaqtyn otbasylyq dasturleri [Kazakh family traditions]. Almaty: Qainar. 215 p. [in Kazakh].
6. Argynbaev H.A., 1973. Qazaq halqyndagy semia men neke (tarihi-etnografialyq sholu) [Family and marriage in the Kazakh people (historical and ethnographic review)]. Almaty: Gylym. 328 p. [in Kazakh].
7. Bir japyraq nanga qyzymyzdy aiyrbastadyq | Irandagy qazaqtardyn toiy [We exchanged our daughter for a piece of bread | Kazakh wedding in Iran]. 2024. [Video]. YouTube. URL: https://youtu.be/-

gHhq139BTU?si=_vf34DJ4mTWq3Y74 (accessed: 25.06.2026). [in Kazakh].

8. Jemenei I., 2012. Iran jane Iran qazaqtary: derekti zertteu [Iran and Iranian Kazakhs: a documentary study]. Almaty: Duniejuzi qazaqtarynyn qauymdastygy. 264 p. [in Kazakh].

9. Ibraev M., 2005. Saryarqa qazaqtarynyn salt-dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of the Kazakhs of Saryarka] // Qazaq halqynyn dasturleri men adet-guryptary. Vol. 1. Almaty: «Arys» baspasy. 328 p. [in Kazakh].

10. Iran qazaqtary: Ozge ultqa qyz bermeimiz! As tatyp koru [Kazakhs in Iran: We do not give our daughters to other ethnic groups! Food tasting]. 2025. [Video]. YouTube. URL: https://youtu.be/owhqS4H9r7k?si=xvKUHPzYUoSggfys (accessed: 25.06.2026). [in Kazakh].

11. Kiai M., 2012. Iran qazaqtarynyn salt-dasturleri [Traditions and customs of Kazakhs of Iran]. Translated from Persian by Niaz Tobysh. Almaty: «Orhon» Baspa uii. 200 p. [in Kazakh].

12. Qaqabaev B., Qatran D., 2017. Tartys [Ritual contest] // Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi: ensiklopedia. Vol. 5. Almaty: TOO «AlemDamu Integratsiya». P. 316. [in Kazakh].

13. Qozy Korpesh – Baian Sulu. 2002. [Kozy Korpesh – Bayan Sulu: a lyric-epic poem]. Astana: Foliant. 692 p. [in Kazakh].

14. Qydyralin U., 1995. Mangystau qazaqtarynyn madenieti men turmysy (tonkeriske deiingi kezenine tarihi-etnografialyq sholu) [Culture and life of Mangistau Kazakhs (historical and ethnographic review of the pre-revolutionary period)]. Aqtau. 239 p. [in Kazakh].

15. Oksford aleumettik gylymdar sozdigi [Oxford Social Sciences Dictionary]. 2019 / K. Kalhunnyn redaksiasymen. Almaty: «Ulttyq audarma burosy» qogamdyq qory. 480 p. [in Kazakh].

16. Rajabi P., 1996. Qazaqtarmen tanysu [Acquaintance with Kazakhs] // Tamasha. No. 275. 10 August. P. 22–23. Translated from Persian by A.D. Zhuandykova. [in Persian; Kazakh translation].

**Жуандыкова А.Д., *Искаков К.А.**
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
e-mail: iskakov_ka_2@enu.kz

## ПРЕДСВАДЕБНЫЕ ОБРЯДЫ КАЗАХОВ В ИРАНЕ: КУЛЬТУРНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В УСЛОВИЯХ ДИАСПОРЫ

**Аннотация.** В статье анализируется степень сохранности свадебных обычаев и традиций у иранских казахов, проживающих в условиях диаспоры. Цель исследования – с этнографической точки зрения проанализировать современный характер предсвадебных обрядов иранских казахов, особенности их сохранения, а также выявить практики их передачи последующим поколениям. Рассматриваются функции и культурное значение таких традиционных обрядов, как выбор брачного партнёра, предварительное сватовство, официальное сватовство, установление родственных отношений между семьями и выплата калыма, а также проводы невесты. В ходе исследования применялись методы качественного контент-анализа и мультимодальный метод. В рамках полевого исследования использовался метод интервью. Основными источниками послужили видеоматериалы, отражающие быт и повседневную жизнь казахской диаспоры в Иране, опубликованные этнографические труды и сравнительная научная литература.

Результаты исследования показали, что предсвадебные обряды казахской диаспоры в Иране и в настоящее время остаются важным механизмом сохранения этнической идентичности. Несмотря на расширение свободы личного выбора среди молодёжи, согласие родителей, институт сватовства и родственные связи по-прежнему сохраняют своё значение в вопросах заключения брака. Также сохраняются социальные и символические функции отдельных обрядов.

В исследовании предсвадебные обряды казахской диаспоры в Иране комплексно рассмотрены с точки зрения нематериального культурного наследия и выявлены особенности их сохранения в условиях диаспоры. Полученные результаты вносят вклад в изучение культурной преемственности казахской диаспоры и способствуют более глубокому пониманию проблем сохранения нематериального культурного наследия.

**Ключевые слова:** казахская диаспора в Иране, обычаи и традиции, свадебные обряды, свадьба, сватовство, калым, кызкашар, проводы невесты.

*Для цитирования: Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 264-273 (каз.)*

*DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.18*

**Zhuandykova A.D., *Iskakov K.A.**
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: iskakov_ka_2@enu.kz

## PRE-WEDDING RITUALS OF KAZAKHS IN IRAN: CULTURAL CONTINUITY IN THE CONTEXT OF THE DIASPORA

**Abstract.** This article examines the extent to which wedding-related traditions and customs have been preserved among Kazakhs in Iran living in a diaspora. The study aims to ethnographically analyse contemporary pre-wedding rituals among Kazakhs in Iran, their preservation, and transmission to future generations. The study examines the functions and cultural significance of traditional practices such as partner selection, betrothal, matchmaking, establishment of affinal ties, bridewealth, and the bride's farewell ceremony. The data were analyzed using qualitative content analysis and a multimodal approach. Interviews were conducted as part of the fieldwork. The primary sources included video materials depicting the everyday life of Iranian Kazakhs, published ethnographic works, and comparative scholarly literature.

The findings show that pre-wedding rituals among Kazakhs in Iran remain important for maintaining ethnic identity. Despite greater freedom in partner choice, parental consent, matchmaking, and kinship ties remain significant in marriage. The findings also indicate that the principal social and symbolic functions of certain rituals have been preserved.

The study examines the pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran as intangible cultural heritage and identifies features of their preservation and practice in a diasporic context. The findings contribute to understanding cultural continuity in the Kazakh diaspora and the preservation of intangible cultural heritage.

**Keywords:** Kazakhs in Iran, traditions and customs, wedding rituals, wedding ceremony, matchmaking, bridewealth, qyzghashar, bride's farewell ceremony.

*For citation: Zhuandykova A.D., Iskakov K.A. Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 264-273 (in Kaz.)*

*DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.18*

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Жуандыкова Айнур Даулетовна,** докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-4571-3202

**Искаков Куаныш Алдабергенович,** PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0003-2409-8068
Scopus Author ID: 57930186700.

**Сведения об авторах:**
**Жуандыкова Айнур Даулетовна,** докторант Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-4571-3202
**Искаков Куаныш Алдабергенович,** PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0003-2409-8068
Scopus Author ID: 57930186700.

**Information about the authors:**
**Ainur Dauletovna Zhuandykova,** Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-4571-3202
**Kuanysh Aldabergenovich Iskakov,** PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-2409-8068
Scopus Author ID: 57930186700.